

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

- Существует ли разрыв между целями создания национального холдинга и ее реализацией (что приводит к результатам и результатам)?
- Какова стоимость деятельности национального холдинга?

По мнению автора, ответ на данные вопросы полностью раскроет эффективность деятельности, обеспечит финансовую прозрачность деятельности холдинга, как это указано в ИНТОСАИ.

Список использованных источников:

1. Алибекова Б.А., Алдынгарова Д.Т. «ГОСУДАРСТВЕННЫЙ АУДИТ ФИНАНСОВОЙ ОТЧЕТНОСТИ». Central Asian Economic Review. 2018;(4):72-83.
2. ISSAI 1000 “General Introduction to the INTOSAI Financial Audit Guidelines”. – Available at URL: <https://www.psc-intosai.org/wp-content/uploads/2022/05/ISSAI-1000-Endorsement-version.pdf>;
3. INTOSAI–P 12 «Value and Benefits of SAIs - making a difference to the life of citizens»”. – Available at URL: https://www.intosai.org/fileadmin/downloads/documents/open_access/INT_P_11_to_P_99/INTOSAI_P_12/INTOSAI_P_12_en_2019.pdf ;
4. Закон Республики Казахстан “О государственном аудите и финансовом контроле” от 12 ноября 2015 года No 392-V [Электрон. ресурс]. – 2015. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1500000392>;
5. Нормативное постановление Счетного комитета по контролю за исполнением республиканского бюджета «Об утверждении процедурных стандартов внешнего государственного аудита и финансового контроля» от 31 марта 2016 года № 5-НК [Электрон. ресурс]. – 2016. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1600013647>;
6. Приказ Министра финансов Республики Казахстан «Об утверждении процедурного стандарта "Аудит финансовой отчетности" от 24 апреля 2017 года № 272 [Электрон. ресурс]. – 2017. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V1700015209>;
7. Закон Республики Казахстан “Об аудиторской деятельности” от 20 ноября 1998 года No304 [Электрон. ресурс]. – 1998. – URL: https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=1011692;
8. Закон Республики Казахстан «О государственном имуществе» от 1 марта 2011 года № 413-IV. – 2011. – URL: <https://adilet.zan.kz/rus/docs/Z1100000413>;
9. Предпосылки внедрения аутсорсинга в государственном аудите / Б.А. Алибекова, Л.З. Бейсенова, Т.М. Калиева // ЕҰУ хабаршысы. Экономика сериясы . - Астана, 2017 . - № 3.- С. 66-74.;
10. David Hay, Carolyn Cordery «The Value of Public Sector Audit: Literature and History». Journal of Accounting Literature. – 2010. - <https://doi.org/10.1016/j.acclit.2017.11.001>
11. <https://www.vtv.fi/app/uploads/2018/06/28080112/solidium-Oy-5-2015.pdf>

УДК 336.647

ЖАРҒЫЛЫҚ КАПИТАЛ АУДИТІ

Нұрлыбек Зүкурә

nnnurlubekova@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ«Мемлекеттік аудит» БББ 3 курс студенті,

Астана қ., Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Жахметова А. К.

Жарғылық капитал аудиті-бұл ұйымның жарғылық капиталына қатысты қаржылық және құқықтық аспектілерді қамтиды. Жарғылық капитал-бұл компания құру немесе тіркеу кезінде иеленуге міндетті және оның несие берушілері үшін кепіл ретінде қызмет ететін белгілі

бір ақша қаражаты немесе активтер сомасы. Жарғылық капитал аудиті терең зерттеу және бағалау жұмыстарынан құрылады. Біз осы мақалада қарастырғанған - 1994 жылы желтоқсанда құрылған "Қазақтелеком" Акционерлік қоғамы, 1994 жылы "Қазақстан телеком коммуникациясы" ұлттық корпорациясы болып қайта құрылды, ол байланыс саласынан дербес шаруашылық жүргізуші субъект ретінде бөлінді. Акциялардың жартысы мемлекетке тиесілі. "Қазақтелеком" - тіркелген телефония, Интернетке жоғары жылдамдықты қолжетімділік, цифрлық теледидар, ұялы байланыс, ақпараттық технологиялар, жергілікті және халықаралық телефон байланысы және т.б. сияқты қызметтердің кең спектрін ұсынатын Қазақстандағы ірі телекоммуникациялық компания.

"Қазақтелеком" АҚ жарғылық капиталы 12 136 529 мың теңгеге тең. Сонымен қатар, 10 922 876 жай акциялармен және 1 213 653 артықшылықты акциялар. Бір акцияның номиналды құны 1 000 теңгені құрайды. Компания акцияларының жалпы көлеміндегі артықшылықты акциялардың үлесі 10% -. құрайды. 2021 жылдың аяғындағы шоғырландырылған есептерге сәйкес компанияның жалпы акционерлік капиталы 12 136 529 миллион теңгені құрады. 2022 жылы жарғылық капитал деңгейі тұрақты болып қалды. Алайда, сол жылы оның құрылымында өзгерістер болды, ең маңызды өзгеріс "шетел валютасын қайта есептеу режимі" бөліміне қатысты болды. 2021 жылы 18 338 миллион теңгеге ауытқу байқалады, ал 2022 жылы бұл мән 7 845 миллион теңгеге дейін төмендеді, бұл 42% -. құрайды. [1]

Қазақстан Республикасының Үкіметіне иелік ететін "Ұлттық әл-ауқат қоры" АҚ акцияларының бақылау пакеті 51% -. құрайды. 2022 жылы "ҚР Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті" мемлекеттік мекемесі Skyline INVESTMENT COMPANY S. A "Алатау Капитал Инвест" ЖШС компаниясынан компанияның 28,24% акциясын сатып алды. [2] (Кесте 1)

Кесте 1


2021-2022 жылғы Компания акционерлерінің тізбесі

№	Ационерлер	2021 ж 31 желтоқсан	2022 ж 31 желтоқсан
1	«Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ	51,00%	51,00%
2	«ҚР ҚМ Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ	-	28,24%
3	АДР (The Bank of New York – депозитарий)	9,58%	9,58%
4	«Даму қоры» корпоративтік қоры	3,4%	3,4%
5	SKYLINE INVESTMENT COMPANY S.A	24,5 %	-
6	«Алатау Капитал Инвест» ЖШС	7,8%	-
7	Басқалары	7,8%	7,8%
	Барлығы	100,0%	100,0%
Ескерту: кесте [2] әдебиеттен алынған			

"Қазақтелеком" АҚ-ның жай және артықшылықты акциялары 1997 жылғы 16 қазаннан бастап "А" санатындағы "Қазақстан қор биржасы" АҚ (Биржа) ресми тізіміне енгізілді, 2008 жылғы 1 қыркүйектен бастап биржаның ресми тізімінің бірінші санатына ауыстырылды.

Осы уақытқа дейін, 2023 жылғы 1 қазанда Қоғамның Басқарма мүшелері мен Директорлар кеңесінің мүшелері "Қазақтелеком" АҚ-ның жай акцияларын иеленбейді, ал акционерлердің екіжақты иелену құқығы жоқ.

01.10.2023 ж жағдай бойынша жәй акциялар үлесі 5% аз акция ұстаушылардың үлес салмағын талдайтын болсақ, ең көп үлес инвестициялық компанияларға тиесілі. Заңды тұлғалар мен номиналды ұстаушылардың үлесіде айтарлықтай орын алып отыр. [2] (Сурет 1)



Сурет 1. 01.10.2023ж. жағдай бойынша жәй акциялар ұстаушылардың үлесінің құрылымы

Жарғылық капиталды қалыптастыру аудиті барысында аудитор аудиторлық дәлелдемелерді жинаудың келесі әдістерін қолдана алады: жарғылық капиталға қаражат салу процесін нақтылау үшін құрылтайшылар мен акционерлерге ауызша және жазбаша өтініштер.

Капиталдың қалыптасуын құжаттамалық тексеру-бұл кіріс кассалық құжаттарын, ұлттық және шетел валютасындағы ағымдағы шоттардан банктік үзінді көшірмелерді, сондай-ақ басқа да бастапқы және растайтын құжаттарды талдауды қамтитын аудит. Аудитор жарғылық капиталға салынған қаражаттың үлестер түрінде кіріске алынуының толықтығы мен уақтылығын растауға бағытталған тексеруді жүзеге асыруға міндетті.

Жарғылық капиталды тексеру барысында менің ұсынысым бойынша келесідей мәселелерге назар аударып анықтауға тиісті:

- қолданыстағы НҚА сәйкестікті қамтамасыз ету. Аудиторлар компанияның жарғылық капиталы заң талаптарына сәйкес келетінін тексереді. Бұл жарғының дұрыстығын тексеруді және белгіленген нормалардың сақталуын қамтуы мүмкін.

- қаржылық аспектілерді назарға алу. Аудиторлар жарғылық капиталдың дұрыс қалыптасқанына және Компанияның жарғылық капиталға қатысты қаржылық міндеттемелерді бұзбайтындығына көз жеткізу үшін қаржылық жазбаларды талдайды.

- өзгерістердің сақталуындағалау. Қажет болған жағдайдағы аудит, егер мұндай өзгерістер бизнесті дамыту процесінде орын алса, компанияның жарғылық капиталды өзгерту талаптарын сақтайтындығын анықтайды.

- акционерлер мен несие берушілердің мүдделерін қорғауға жағдай жасау. Аудиторлар жарғылық капиталдың компания акционерлері мен несие берушілерінің мүдделерін қорғауды қаншалықты қамтамасыз ететінін бағалай алады. [3]

Жарғылық капиталды қалыптастыруды талдау кезінде аудитор баланста және "меншікті капиталдағы өзгерістер туралы" қорытынды есепте көрсетілген оның сомасының дұрыстығына көз жеткізуге міндетті. Аудитор кәсіпорынның құрылтай құжаттарында көрсетілген "жарғылық капитал" шоттарындағы соманың сәйкестігін қамтамасыз ету үшін осы деректерді құрылтай құжаттарындағы ақпаратпен салыстырады.

Мемлекеттік аудитор субъектінің квазимемлекеттік сектордағы жарғылық капиталдағы қатысу үлесін айқындау үшін дәлелдеме көзі ретінде қажетті құжаттарды сұратады, сондай-ақ дивидендтер төлемдерінің болуын және таза табыстың бір бөлігін бюджетке аударуды тексеруді жүргізеді. Сұратылған дәлелдеме құжаттарға құрылтай құжаттары, бухгалтерлік баланс, осы квазимемлекеттік сектор субъектісінің жарғылық капиталын қалыптастыруға және толықтыруға қатысты тиісті қаулы мен шешім бар өқжаттар сұратылады. [4]

Қортындылай келе, Жарғылық капиталды аудитін сапасын жақсарту үшін компанияның жарғылық капиталына салым түрінде берілген активтер мен басқа да мүлiктік құқықтарды

тексеруді ұйымдастырған жөн. Бұл мүліктің ішінде істен шыққан негізгі құралдар, сондай-ақ қорлар мен басқа да мүліктік құқықтар, соның ішінде мерзімі өткен зияткерлік меншік болуы мүмкін.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. «Қазақтелеком» АҚ-ның шоғырландырылған қаржылық есептілігі [Электронды ресурс] URL: [file:///C:/Users/%D0%B1%D1%83%D0%B1%D0%B0/Downloads/R2vI3HNb7p0mhdPU5tlOw9zJUdF244HXn4v8nDIO%20\(1\).pdf](file:///C:/Users/%D0%B1%D1%83%D0%B1%D0%B0/Downloads/R2vI3HNb7p0mhdPU5tlOw9zJUdF244HXn4v8nDIO%20(1).pdf)
2. «Қазақтелеком» АҚ-ның ремсми сайты [Электронды ресурс] URL: <https://telecom.kz/ru/pages/11893/172452>
3. «Қаржылық есептілік аудиті» рәсімдік стандартын бекіту туралы Қазақстан Қаржы министрлігінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі №272 бұйрығы [Электронды ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700015209>
4. «Мемлекеттік аудит және қаржылық бақылау туралы» 2015 жылғы 12 қарашадағы №392-V Қазақстан Республикасының Заңы [Электронды ресурс] URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z1500000392>

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ИНФЛЯЦИЯ СЕБЕПТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫ БОЛЖАУ ӘДІСТЕРІ

Олжабаева Аружан Мұратқызы

olzhabayeva_aruzhan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ 1-курс студенті, білім беру бағдарламасы мемлекеттік аудит,
Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі – Алибекова А.Б.

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Мемлекеттік аудит» кафедрасының PhD, доцент м.а.

Инфляция- бұл елде айналымдағы қағаз ақша көлемінің тым көбейіп кетіп, оның ақша тауары жөнінде құнсыздануына ұласуы және соның салдарынан тауар бағасының, яғни, бұл тұтас сұраным мен тұтас ұсыным арасындағы теңгерімнен шығаруға болатын ақшалай рыноктың құбылысы. Тауарлар мен қызметтердің бағасын көтеру арқылы ол халықтың сатып алу қабілетіне, кәсіпорындардың инвестициялық шешімдеріне және жалпы экономикалық тұрақтылыққа тікелей әсер етеді. Сәйкесінше экономиканың жағдайын сипаттайтын ең маңызды өлшем бірліктің бірі – инфляция деңгейі.

Инфляцияны болжау қазіргі заманғы экономикада бірқатар себептерге байланысты негізгі рөл атқарады. Біріншіден, ол орталық банктер мен үкіметтерге баға тұрақтылығы мақсаттарына жету үшін пайыздық мөлшерлемелердің немесе ақша базасының өзгеруі сияқты макроэкономикалық саясат шараларын қабылдауға көмектеседі. Екіншіден, инфляцияны болжау бизнес-жоспарлаудың маңызды құралы болып табылады, бұл компанияларға баға белгілеуді, тауарлар мен қызметтер бағасының күтілетін өзгерістеріне байланысты бюджеттеуге және тәуекелдерді басқаруға мүмкіндік береді. Үшіншіден, инвесторлар капиталды бөлу және инвестициялық стратегиялар туралы шешім қабылдау үшін инфляция болжамын пайдаланады, өйткені инфляция деңгейі активтердің нақты құнына әсер етуі мүмкін. Сонымен қатар, тұтынушылар үшін инфляцияның болжамдары шығындарды жоспарлауға, жеке қаржылық басқаруға және тұтынушылық шығындар туралы шешімдерге әсер етіп, олардың өзгертін нарықтық жағдайларға бейімделуіне көмектеседі. Тұтастай алғанда, инфляцияны болжау әртүрлі экономикалық агенттер үшін қажетті құрал болып табылады, оларға белгісіздікпен күресуге және динамикалық экономикалық жағдайда негізделген шешімдер қабылдауға көмектеседі.

Ұлттық бюро статистикасының мәліметтері бойынша, Қазақстанда 2024 жылдың ақпан айындағы инфляция деңгейі 1,1% құрады. Қаңтар айымен салыстырғанда (қаңтарда-0,8%) инфляция деңгейі үдей түсті. Бір айда ақылы қызмет көрсету бағасы 1,7 пайызға, азық-түлік